**Маңызды стратегиялық мәні бар тауарлар мен қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 сәуірдегі N 480 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Бірыңғай стандартты сақтау, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерін сапалы нысанды киіммен уақтылы қамтамасыз ету үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарлар мен қызметтер көрсетуді жеткізуші болып осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды және жеке тұлғалар белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) сатып алу үшін бөлінген қаражатты мақсатты және тиімді пайдалануды қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 28 сәуірдегі
N 480 қаулысына қосымша

**Сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарлар мен қызметтер көрсетуді жеткізушілер**

---

Р/с| Тауарлар мен |Тауарлар мен қыз.| Тауардың және қызметтер
N | қызметтер көр. |меттер көрсетуді | көрсетудің атауы
| сетуді жеткі. |жеткізушінің |
| зушінің атауы |орналасқан жері |

---

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | "Медиатекс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 5 | қара түсті жүн фуражкалар, ашық-сары түсті нысанды әйелдер кепкаларын, қара-көк түсті күнқағары бар кепкалар, күнқағары бар қара түсті мех құлақшындар, қысқы әйелдер кепкасын тігу |
| 2 | "Семей тері-мех комбинаты" | Семей қаласы, академик Сәтпаев көшесі, 164 | ылғалдан сақтайтын материалдармен көмкерілген қысқы мех күртелер тігу |
| 3 | "Семирамида" тігін фабрикасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Алматы қаласы, Грибоедов көшесі, 103-105 | жүннен тігілген шымкай-көк түсті әйелдер пальтоларын тігу |
| 4 | "Фирма Қаз Орталық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Алматы қаласы, Бұлқышев көшесі, 4Е | қызмет өткеруге арналған (ашық жағасы бар күрте, шалбар) қара-көк түсті костюмдер, қара-ақ түсті былғары костюмдер (күрте, шалбар), сия-көк түсті ұзын жең футболкалар, сия-көк түсті қысқа жең майка-футболкалар, сия-көк түсті жеңі жоқ майкалар, желбей күртелер, сигналдық кеудешелер, қара түсті былғары қолғаптар, плаш-жамылғыларын тігу, маталардың барлық түрлерін жеткізу |
| 5 | "Жейде тоқыма фабрикасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Қостанай қаласы, Герцен көшесі, 31 | шымкай-көк түсті жүннен тоқылған свитерлер, қара және көк түсті кашнелер дайындау |
| 6 | "Восход және К" жауапкершілігі | Шымкент қаласы, Тоқаев көшесі, 27 | қара түсті маусымдық күртелер, қара түсті әйелдер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | шектеулі серіктестігі | | плащтарын, әйелдер мундирлерін, қара-көк түсті китель юбкалар, қызыл матамен жиектелген, сыртқа қайырылған қара-көк түсті шалбарлар, әйелдердің қосарланған қара галстуктерін тігу |
| 7 | "Большевичка" ашық акционер. лік қоғамы | Қостанай қаласы, Аль-Фараби даңғылы, 117 | жылы костюмдер (күрте, комбинезон) тігу |
| 8 | "Мирас" фирмасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Семей қаласы, Интернациональная көшесі, 49 | жейделер, нысанды әйелдер жейделерін тігу |
| 9 | "Zarus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Алматы қаласы, Әзірбаев көшесі, 134 | қара түсті қысқа қонышты хром бәтеңкелер, қара түсті әйелдер туфлилерін, қара түсті жылы қысқа қонышты етіктер, әйелдердің жылы етіктерін дайындау |
| 10 | "Гризли" дербес кәсіпорны | Астана қаласы, Мұңайтпасов көшесі, 37/3 | қара түсті былғары жабдықтар, жалтырауық материалдармен көмкерілген ақ жабдықтар дайындау |
| 11 | "Әмбебап-Жарнама" ЖА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 15 | погондар, жең белгілерін дайындау |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК